

ISSN 1998-6718



Мектептегі
ПСИХОЛОГИЯ
в школе

➤ *Мектептегі буллингті анықтау және оны болдырмау жолдары*

➤ *Развитие коммуникации и социального взаимодействия младших школьников с РАС в условиях инклюзивного образования*

➤ *Педагогтардың кәсіби-эмоциялық құлдырауының алдын алу*

1(211)
2026



№1 (211), 2026
(Қаңтар-Январь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. АЙМАНБЕТОВА

Қазақстандағы спорт психологиясының қалыптасуы мен дамуы.....3

С. ТАЛПАКОВА

Мектептегі буллингті анықтау және оны болдырмау жолдары9

А. САРСЕНБАЕВА

Студенттердің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне бейімделуінде психологиялық қолдау көрсету12

Д. АСУБАЕВА

Развитие коммуникации и социального взаимодействия младших школьников с РАС в условиях инклюзивного образования15

А. КАНАФИНА

Психологическая работа с педагогами для развития эмоционального интеллекта20

Н. БӨПЕЖАНОВА

Педагогтардың кәсіби-эмоциялық құлдырауының алдын алу24

С. БРАТАШ

Өзін-өзі бағалауды арттыру және эмоционалды тұрақтылықты дамыту: арт-терапиядағы МАК карталары мен маскотерапияны ықпалдастыра қолдану26

Л. СМАГУЛОВА

Психологиялық қолдау көрсетудің түрлі формаларын тест тапсыруға дайындауда қолдану30

Тізім – Перечень33

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Маржан АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10964-Ж куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

28. 01. 2026 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Сайт:

www.pedagogltd.kz

Журнал «Rado Print»

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш.,

46, кеңсе 411А.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.п.с.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
профессор (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая
Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)

 Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

 Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 08. 01. 2026 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб. т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Сайт: www.pedagogltd.kz

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
«Rado Print»
г. Алматы, ул. Мыңбаева, 46, офис 411А.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі түбіртек көшірмесін салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Қазақстандағы спорт психологиясының қалыптасуы мен дамуы

Н. АЙМАНБЕТОВА

Қазақстанда спорт психологиясының дамуы 1945 жылдың 1 наурызында елімізде тұңғыш жоғары дене шынықтыру оқу орнының ашылуынан бастау алады. Содан бастап Қазақ дене шынықтыру институтының педагогика және психология кафедрасында алғаш рет жалпы психология мен спорт психологиясы пән ретінде өткізіле бастады. Спорт педагогикасы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіле басталып, оның нәтижесі институттың ғылыми конференциясында қорытылып, жинақ болып жарық көруіне жол ашылды.

Қазақстандағы спорт психологиясының пайда болуы институтқа Ф.А. Гребаустың келуімен тығыз байланысты. Оның зор қажыр-қайраты мен бай тәжірибесінің арқасында, дене шынықтыру институтында психология курсы сапалы түрде жүргізуге мүмкіндік туды.

Ф.А. Гребаус спортшы-студенттердің психологиялық білімді терең меңгеруіне көп көңіл бөлді. Бұл мақсатта оның бастауымен 1955 жылы 900 зерттелінушіден құралған топ «Түйсік», «Ерік», «Эмоция», «Ойлау», «Есте сақтау» тақырыптарында 2500-ден астам жазбаша жұмыс түрін атқарған. Бұл кең түрдегі зерттеулерде студенттердің психологиялық білімдер жүйесін меңгеру сапасы мен тәжірибесі салыстырыла келе, білім алушылардың тәжірибесінің әралуандығы оқыту әдістемесін таңдауда педагогты тығырыққа тірейтіні анықталған.

Студенттердің психология курсының негізін меңгеруде олардың ғылыми негіздемеге қарама-қайшы сипаттағы тұрмыстық тәжірибесінің теріс рөлі атап көрсетілген.

Бұл саладағы тұңғыш зерттеулер психологиялық оқыту әдістемесін жоспарлы түрде жүргізу мен ұйымдастырудың негізін қалады.

1956-1970 жылдар аралығында ҚазДШИ-да спорт психологиясы курсы оқытудың әралуан қырларын қарастырған 10-ға жуық эксперименталды еңбектер жарық көрді. Бұл тұрғыдағы Ф.А. Гребаустың еңбектері: «Студенттердің үлгеріміне оқу материалын түсіндіру қарқынының ықпалы» (1958), «Психология пәнін оқытуда 1-курс студенттерінің жеке дара ерекшелігін зерттеу мәселесі» (1960), «ҚазДШИ-да психология пәнін қайта құрудың тұңғыш қадамдары» (1961), «Психологтардың сабақ жүргізудегі тапсырманы қолдану тәжірибесінен» (1964) және т.б.

Бұл тақырыптарға жіті қызығушылық танытылуы институттарға арналған психология оқулығының әлі де болса жарық көрмегендігімен, «Спорт психологиясы» курсының енді ғана жүйеленуіне бастауымен тығыз байланысты. Бұл кезеңдегі спорттық іс-әрекетті зерттеу спортшы психологиясының жеке мәселелері аясын қамтыған. Мұндай зерттеулерге Ф.А. Гребаустың «Әдеттегі қозғалыс қарқынына дыбыстық және жарық сигналдардың ықпалы» (1959), «Берілген қарқындағы қозғалысты

меңгерудің сапасына әдеттегі қозғалыс қарқынының теріс әсері» (1960) тақырыбындағы еңбектері енеді.

Олардың қатарында А.Ш. Тәжібаевтың «Спортшыларды байқампаздыққа тәрбиелеу мен бақылау әдісі» (1968), «Спортшылардың жарыс уақытындағы ойлау қабілеті» (1972) атты зерттеулері де бар.

Практика талаптары нақты мақсатты көздей отырып, эксперименталды сипаттағы жұмыстардың жүргізілуіне түрткі болды. 1961 жылдан бастап спорттағы қиындықтар (кедергілер), спортшыларды жарысқа даярлау мәселелерінің жалпы қырларын зерттеуші еңбектер жарыққа шықты. Бұл жұмыстарда спортшылардың психологиялық даярлығының болашақ жүйесінің элементтері қарастырылады.

Бұл кезеңдегі Ф.А. Гребаус пен М.В. Кимнің «Спортшылардың жарысқа деген психологиялық даярлығына тұрмыстық өмір жағдайының ықпалы» атты мақаласы қазақстандық спорт психологтарының аталмыш маңызды әлеуметтік-психологиялық тақырыпта жазылған бүгінгі күнге дейінгі тұңғыш әрі құнды еңбегі болып табылады.

60-шы жылдардың ортасында қазақстандық спорт психологиясында жаңа бағыт – психикалық өзіндік реттеу пайда болады. Бұл өзекті мәселеге Қазақстанның спорт психологтары да белсене атсалысқан. Ф.А. Гребаус «Спортшының аутогенді жатығу мәселесінде» (1966) аутотренинг пен оны меңгеру технологиясына деген өзіндік көзқарасын білдіреді. Спорттық жаттығу әдісі ретінде психикалық өзіндік реттеуге бұл кезеңде А.С. Роменнің еңбектері, ең негізгісі – «Өзін-өзі иландыру және оның адам ағзасына ықпалы» (1970) атты кітабы зор пайдасын тигізгенін атап өткен жөн.

Психикалық күйді басқарудағы өзіндік реттеудің ауқымды мүмкіндіктері, экстремалды жағдайдағы спортшының іс-әрекетке даярлығы, функционалды қорлардың жұмылдырылуы адамға бұрынғыдай емес, тереңірек сипатта қарауға ықпал етті. Спорт психологиясында пайда болған жаңа бағыт – психогигиена спортшылар реакциясын, патологиялық-психологиялық реакциялар мен қажетті терминдерді қолдана отырып, тек қана психодидактика деңгейінде емес, сонымен бірге психотерапия аясында да қарастырды.

Педагогикалық психологияның дәстүрлі көзқарасынан қалыпты психологияның аралық мәселелеріне көшу оңайға соққан жоқ. 1967 жылы «Дене шынықтыру мәдениетінің теориясы мен практикасы» атты журналдың 6-санындағы Ф.А. Гребаус пен В.М. Кимнің «Психология әлде психиатрия?» атты мақаласында психиатр-мамандардың жарыс сәтінде спортшылар патологиялық күйді бастан кешіре алады деген пікірлері қатаң сыңға алынған. Мақала авторлары бұл тұрғыда спортшылардың психологиялық даярлығы турасындағы көкейкесті ойларын жайып салады. Уақыт өте келе психиаторлардың да, психология өкілдерінің де айтқандарының дұрыстығы дәлелденді.

50-60 жылдардағы қазақстандық спорт психологтарының зерттеулері заманауи психологиялық зерттеу әдістерімен қамтамасыз етілмегенділігінен, даму жағынан кешеуілдеді.

1972 жылға дейін жарияланған зерттеулер сұрақтама әдістері, бақылау, әдебиет көздерін саралау, жанама психофизикалық бегілерді тіркеумен ғана шектелді. Дегенмен бұл жылдарда Қазақстандағы спорт психологтарының зерттеу жұмыстарының ең маңыздысы – қолданбалы бағыттың негізін тұңғыш қалағандар кафедра қызметкерлері – Ф.А. Гребанс, М.В. Ким, А.Ш. Тәжібаев болды. Олардың шәкірттері қазіргі таңда да спорт психологиясының маңызды мәселелерін шешумен айналысады. Атап айтқанда спорттық ұжымның психологиялық қамтамасыз етілуі мәселесін (Ф.П. Сулов, С.В. Богородский, Б.К. Қаражанов, А.А. Ахметова, В.Ф. Сопов, В.Б. Литвинчук және т.б.); жас спортшылардың даярлығы мен тәрбиесі мәселелерін (Б.К. Қаражанов, Е.Ф. Бородин, В.И. Кнорр, В.Ф. Сопов); аутогенді тренинг және психикалық реттеуді (А.С. Ромен, Э.С. Исакова, Б.М. Хамзин, Б.К. Қаражанов, В.И. Симоненко, В.Ф. Сопов және т.б.) қарастырған.

Қазақстанда спорт психологиясы 1972-1976 жылдары қарқынды даму үстінде болды. Жетпісінші жылдарда зерттеу нәтижесін тұтынушылар – практик-жаттықтырушылар мен ұйымдастырушы мамандар психикалық реттеу мәселесіне көп қызығушылық танытты.

Бұл қызығушылық 1973 жылы Республиканың жоғары спорттық шеберлік мектебі аясында Мәскеуде өтетін КСРО халықтарының V Спартакиадасына қазақстандық спортшыларды психологиялық даярлауға бағытталған ұйымдастыру шараларына түрткі болды (ұжымның басшысы Қаз КСР-не еңбегі сіңген жаттықтырушы И.П. Иванова).

Спорт психологиясына деген қызығушылықтың артуына 1973 және 1974 жылдары Алматыда психикалық өзіндік реттеу тақырыбына байланысты өткізілген қос бірдей Бүкілодақтық конференция тың серпін берді. Бұл конференцияда қазақстандық авторлардың (А.С. Ромен, О.В. Дехтяр, А.П. Астафьев, А.Я. Киреев, Г.В. Павлова) еңбектері жария етілді. Олардың еңбектері спорттың әралуан – күрес, ескек есу, садақ ату, мөнерлеп сырғанау, гимнастика, баскетбол және т.б. түрлеріндегі психикалық өзіндік қалыпқа келтіру әдістерін қолдануды зерттеу мен тәжірибе бөлісу мәселелеріне арналды.

О.В. Дехтяр еңбектерінен спорттық нәтижені жоғарылатуға ықпал ететін балуанның минуттық үзілісінің өзіндік реттеу процесі барысында психомоторлы бағдардың тұрақты түрдегі жүйеленуі жайында құнды деректер алынған. А.Я. Киреев, Г.В. Павлова, А.С. Ромен еңбектері фигуристердің қысымға толы жаттығу процесіндегі ағзаның өзіндік реттеуінің психопрофилактикалық және қалыпқа келтіруші сипатындағы әрекетіне арналады. Бұл зерттеулердің нәтижесі оқу-жаттығу үрдісіне енгізілген.

Жоғары спорттық шеберлік мектебінің спорт психологтарымен белсенді түрдегі жұмысы бір жағынан практик-жаттықтырушылар қызметінің сапалы түрде жақсаруын қамтамасыз етсе, екінші жағынан тәжірибелі жаттықтырушылар мен Қазақ дене шынықтыру институтының кешегі түлектерінің ғылыммен айналысуына септігін тигізді. «Спортшылардың психологиялық даярлығы» (Алматы, 1974) атты жинақта экстремалды жағдайдағы психологиялық тұрақтылыққа тәрбиелеу мәселесі, биікке

секірушілердің психологиялық даярлығы, орта және алыс қашықтыққа жүгіруші желаяқтардың орталық жүйке жүйесінің іс-әрекетінің психологиялық өзгерістері тақырыптарында практик-жаттықтырушылардың (Е.С. Кадыйкин, В.И. Симоненко, т.б.) еңбектері ұсынылған.

Бұл спорт психологиясы туралы жинақта жеңіл атлетика, велоспорт, гимнастика, күрес, садақ ату, семсерлесу, шаңғы тебу сынды спорт түрлері саласындағы түрлі психологиялық зерттеулер жарияланды. Қазақстанның спорт психологтарының бай тәжірибесі Қаз КСР-ың Спорт комитеті (басшысы М.Б. Кизикенов) әдістемелік кабинеті базасында психодиагностика және психогигиена топтарына біріктірілді.

Алдымен ол бойынша спортшы мен жаттықтырушының (С.В. Богородский, В.Ф. Сопов, И.А. Деражинская, А.А. Ахметова және т.б.) жеке дара ерекшеліктері зерттелінді. Бұл еңбектерде қағидалы заңдылықтарды анықтайтын күрделі психологиялық әдістер қолданылды; Минесоттық көпфакторлық тест (ММРІ), Р. Кэттелдің 16 факторлық тесті, Тематикалық апперцепциялық тест (Мюррей мен Хекхаузен үлгілері бойынша), Айзенк, Тейлор, Люшер тестілері, т.б.

С.В. Богородский өз кезегінде спорттық мамандану мен жоғары көрсеткішке жетуге мүмкіндік беретін қашықтықты таңдауға бағдар жасай отырып, орташа және алыс қашықтыққа жүгіруші желаяқтардың тұлғалық типтерін бөліп қарастырды. В.Ф. Сопов бірсарынды циклдық жаттығу процесінде тұрақтылықты жоғарылату немесе төмендету белгілерін сипаттаған. Бұл зерттеулер сұрыптау мәселесін шешу мен жаттығудағы психологиялық атмосфераны басқаруға септігін тигізеді.

Психикалық күйзелісті жағдайдың диагностикасын өңдеген (Б.К. Қаражанов, В.Ф. Сопов, М.И. Горанько, Д.У. Бисембаева және т.б.). Б.К. Қаражанов психикалық күйзеліс жағдайын П.А. Анохиннің әралуан деңгейдегі (гуморальді, физиологиялық, әлеуметтік-психологиялық) қағидасына сүйеніп зерттеген. Ол бойынша қысым деңгейін бағалау критеріін өңдеуге ықпал еткен балалар мен жеткіншектердің бейімделуші реакциясы анықталды. В.Ф. Сопов тұлға ерекшелігіне байланысты психикалық жағдай қарқынының заңдылықтарын зертей келе, спортшылардың жай-күйіне мақсатты түрде ықпал етуге септігін тигізетін оптималды әрекет ету аймағын бөліп қарастырған.

Үшінші бағытта психикалық жағдайды реттеу мен психикалық тұрақтылықты жүйелеу тұрғысындағы жұмыстар атқарылды (Ромен А.С., Симоненко В.И., Астафьев А.П., Дехтяр О.В., Киреева А.Я., Павлова А.Я., Сопов В.Ф., Кизикенов М.Б., Ахметова А.А., Герасименко В.Г., Исакова Э.С., Исаков С.Г.)

Бұл бағыттағы жұмыстардың жетістігі – психикалық реттеу жүйесін белгілі бір спорт түрінде қолдана алу мүмкіндігінде.

1976 жылы А.С. Роменнің басшылығымен 1974-75 жылдардағы материалдарды жинақтай келе шығарылған «Психопрофилактика және спорттағы психогигиена» атты жинақта еліміздің әйгілі мамандарымен бірге, әлемнің бетке ұстар спортшы-психологтарының да мақалалары жарияланған.

1978 жылы Б.К. Қаражановтың «Спорттағы психологиялық шиеленісу» атты кітабы жарық көрді. Бұл кітапта спортшы ағзасының белсенді іс-әрекетке бейімделуі, жүйелену деңгейінің сипаты, эмоционалды-психикалық қысымның физиологиялық критерийлері де қарастырылған. Кітап ҚазДШИ-дың студенттері үшін таптырмас құнды дерек көзіне айналды.

1975 жылы С.В. Богородский Республика бойынша «Желаяқтар жатығуының психологиялық ерекшелігін зерттеу» тақырыбында тұңғыш диссертация қорғады.

В.Ф. Соповтың «Тұлғаның жеке дара ерекшелігі мен психологиялық ықпал ету әдісінің монотонды іс-әрекет жағдайындағы психикалық күйге әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 1976 жылдардағы Олимпияда ойындары мен ескек есу мен каноэдан СССР құрама командасын 1977 жылғы Әлем Чемпионатына психологиялық тұрғыда даярлаудың ерекше бөліміне енеді.

Қазақстандық спорт психологтарының ғылыми тұрғыдағы жоғары деңгейлі зерттеулері одақ пен шет елдерде өткізілетін ғылыми іс-шараларға белсенді түрде ат салысуына жағдай жасады.

1977 жылы В.В. Кузьминнің спорт психологтарының Еуропалық конгресінде «Спорттағы гипнозды қолдану» тақырыбындағы баяндамасын қалың көпшілік үлкен қызығушылықпен қабылдады.

1976-85 жылдар аралығында спорт психологиясы әр түрлі дәрежедегі спортшылар мен команданың психологиялық даярлығын қамтамасыз ету мәселесімен ұштаса даму нәтижесінде жоспарлы түрдегі практикалық жұмыстар қолға алынды.

ҚазДШИ-дың педагогика және психология кафедрасының оқу-зерттеу лабораториясы негізінде В.В. Кузьмин және В.Ф. Сопов спорттың әралуан түрі бойынша жаттығатын ҚазКСР студент-спортшылары мен құрама командаларына психологиялық және психопрофилактикалық көмек түрін ұйымдастырды.

Ақырғы бес жыл көлемінде «Динамо» облыстық кеңесі В.Ф. Соповтың басшылығымен жаттықтырушыларға арналған психологиялық даярлық мәселелері жөнінде семинар жүргізіп отырған. Сонымен бірге Республикалық Спорт комитетінің бетке ұстар жаттықтырушыларына спорт психологиясының өзекті мәселелері жайында дәрістер үзбей оқылған.

Семей технологиялық ет және сүт өнеркәсібінің (кафедра меңгерушісі О.В. Дехтяр) дене шынықтыру кафедрасында қазақтың ғылыми-зерттеушілік сипаттағы практикалық жұмыстары жүргізілді.

Бұл кафедра ұжымымен жоғары оқу орны жағдайында жастардың спортық жаттығу мен дене шынықтыру психологиясының көкейкесті мәселелері мен міндеттері шешілді.

КСРО-ның жеке саладағы мамандары құрама команданың кешенді тобына бірігіп жұмыс атқару мақсатында шақырылды: жеңіл атлетикадан – С.В. Богородский, байдарка мен каноэ спортынан В.Ф. Сопов. КСРО құрама командасының психологы есебінде В.Ф. Сопов Болгария мен Финляндияда өткен Әлем Чемпионатына сапар шекті. Ол Мәскеуде-

гі XXII Олимпиадалық ойындарға кеңестік спортшылар үшін психологиялық даярлық бағдарламасын құрады. Б.Б. Литвинчук «Қайрат» футбол командасы даярлығының психологиялық бағдарламасын енгізеді.

КСРО халықтарының XVIII спартакиадасына (1983) қазақстандық спортшыларды даярлауға Б.К. Қаражанов, С.В. Богородский, В.Ф. Соповтармен бірге қазақстандық психологтардың дәстүрін жалғастырушы ғылыми жастар одағы да белсене ат салысты.

1991 жылы В.Ф. Соповтың бастамасымен спортшылардың даярлығын ғылыми-практикалық тұрғыда қамтамасыз ететін Республикалық «Ғылым және Спорт» атты орталық құрылады. Дәл осы практикалық жұмыс орталығында Қазақстанның барлық спорт психологтарының төжірибелері жинақталды.

Осы жылы кафедра тағы бір биік шыңды бағындырады. Н.А. Логинова докторлық диссертациясын қорғайды. Екі жылдан кейін тағы да үлкен жетістік – И.Ф. Андрущишин педагогика ғылымдарының кандидаты атағына ие болады.

1992-1995 жылдар аралығында В.Ф. Сопов пен И.Ф. Андрущишин спорт психологиясы бойынша Мәскеуде өткен 1 және 2-Халықаралық Конгреске қатысады. 1993 жылы В.Ф. Сопов психология бойынша Кельнде өткен Халықаралық Конгреске қатысты.

Республика бойынша қазақстандық педагогика және психологияның өзекті мәселелеріне байланысты 1990-2001 жылдары тақырыптық оқулар, семинарлар, ғылыми-теориялық конференциялар жыл сайын өткізіліп келген. Бұл іс-шараға Республиканың барлық жоғарғы оқу орындарының азаматтары белсенді түрде атсалысқан. Бір өкініштісі – бұл ғылыми форумда Қазақстанның спорт психологиясы тақырыбында бірде бір мақала оқылмапты.

Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі И.Ф. Андрущишиннің мақалалары волейбол ойының психологиялық негізі тақырыбына арналған.

Жаңа компьютерлік технологияларды енгізуге байланысты туындаған қиыншылықтарға қарамастан, кафедраның оқытушылар құрамы ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетін белсенді түрде атқаруда. 2001 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты Г.Д. Әлімжанованың «Студенттерді денсаулық педагогикасына оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі» атты үлкен әдістемелік жинағы шықты. Бір жылдан кейін Г.Д. Әлімжанова педагогикалық негізін жан-жақты ашатын «Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүруін қалыптастыру: Әдістемелік-теориялық негізі» атты монографиясын шығарды.

Кафедра қызметкерлерінің белсенді түрде жұмыс атқаруының арқасында әр түрлі ғылыми басылымдарда 500-ге жуық ғылыми жұмыстар жарияланды.

Өкінішке қарай, ҚазДШИ-дың Спорт және Туризм Академиясы болып өзгеруіне байланысты спорт психологиясына қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарының қарқыны әлсіреген.

Керісінше жаңа жағдайға байланысты спорт психологиясы төңірегін-

де ғылыми зертеулер қарқынды түрде, сонымен бірге туризм психологиясы бағытында жүргізілуі қажет.

Қазақтың Спорт және Туризм Академиясында жалпы саны 14 кафедра қарқынды түрде қызмет атқаруда. Олар: туризм, дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі, әлеуметтік-гуманитарлы пәндер, анатомия, емдік гимнастика, ұлттық спорт түрлері, бокс, күрес, футбол, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, футбол және хоккей, шаңғы спорт түрлерінің кафедралары. Академияда 100-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттары еңбек етеді.

Мектептегі буллингті анықтау және оны болдырмау жолдары

С. ТАЛПАКОВА

Буллинг — ұжымның бір мүшесін басқа ұжым мүшелерінің агрессивті формада ізінен түсуі және бұл құбылыстың оның өміріне әсер етуі. Барлық әлем бойынша буллинг проблемасына соңғы 30 жыл ішінде көңіл бөле бастады. Алғаш рет бұл құбылысты ХХ ғасырдың 70-жылдары скандинавиялық ғалым Девид Олвеус зерттеді.

Буллинг — (ағылш.тілінен аударғанда bully — тентек, сотқар, зорлық көрсетуші) — кемсітушілік. Буллингке тек балалар ғана емес, педагогтар да қатысады, яғни бала да, педагог та буллингтің құрбаны болуы мүмкін.

Буллингтің пайда болуына әсер ететін факторлар:

- Оқуда үлгермейтін немесе басқа да қарым-қатынастарда оқшау қалатын оқушыларды кемсіту;
- Буллер үшін арандатушы фактор болып саналатын сыныптағы екі оқушының арасындағы дау-жанжалдың пайда болуы;
- Билікті ұнататын оқушыға қарсы педагогтар күшінің жеткіліксіздігі;
- Бала тәрбиесінің төмендігі;
- Отбасы ішілік дау-жанжалдар;
- Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі;
- Ата-ана тарапынан шектен тыс өбектеу немесе көңіл бөлінбеуі;
- Ерте жыныстық қатынасқа түсуі;
- Зиянды әдеттерге бой алдыру (шылым шегу, ішімдік ішу, нашақорлық, токсикомания)

Буллингтің мақсаты — агрессивті мінез-құлық арқылы өзінің толымсыздығын жасыру. Буллингтің мотивтері:

- Көре алмаушылық;
- Кек алу (белгілі бір келтірілген ауыртпалықтарға байланысты);
- Билікке күресу;
- Ортаның назарында болуға, жақсы көрінуге ұмтылу;
- Өзіне ұнамаған адамын қорлауға ұмтылу.

1. Булли (буллерлер, агрессорлар, ұйымдастырушылар) бұл:

- Толық емес отбасының баласы;
- Авторитарлы немесе билікке ұмтылған отбасының баласы;
- Дау-жанжалға түсуге бейім отбасының баласы;
- Үлгерімі төмен балалар.

Буллердің жанында өзінің агрессиясын жүзеге асыратын тобы болады, оған мынадай балалар кіреді:

- өздерінің ынта-ықыласы жоқ, ортаның әсеріне тез көніп кететін, өзбеттілігі жоқ оқушылар;

- өз-өзіне сенімсіз, қорқақ, сыныптың көшбасшысының сенімінен шыға алмайтын, «достығын» бағалайтын оқушылар.

2. Буллингтің құрбаны:

- Сыртқы келбеті ерекше (дене мүшелерінде жарақат, ақаулығы бар, тұлғасының арық не семіз болуы, т.б.);

- Өзін-өзін қорғай алмайтын әлсіз, сабырлы;

- Жақсы немесе шамалы киінген;

- Достары жоқ дарынды балалар;

- Әлеуметтік дағдылары шамалы, ұжыммен тіл табыса алмайтын балалар;

- Ауыратын балалар (эпилепсия, гиперкинез, тұтығу, дислалия, дисграфия, дискалькулия);

- Сыныпқа жаңадан келген оқушылар;

- Мұғалімдердің жақсы көретін оқушылары.

Буллинг құрбанының мінез-құлқы:

1. Оның барлық сыныптар бойынша сабақ құралдары шашылып жатады немесе жасырылып қояды;

2. Сабақтарда ол өзін тұйық, қорқып ұстайды, сабаққа жауап бергенде сыныпта айқай-шу туындайды;

3. Барлығы оны мазақ етеді, оған жалған есім береді.

3. Буллингтің куәгерлері — оларды «кеңесшілер» немесе «көрермендер» деп атайды. Олар: буллинг көз алдында болып жатқанда араласып кетпейтін балалар, мұғалімдер, кіші қызметкерлер.

Буллингтің негізгі түрлері:

Буллинг түрлері	Оған енетіндер
Денелік зорлық	Ұрып-соғу, тебу, т.б.

Эмоционалды зорлық		Зорлық-зомбылық, мазақ ету, жалған есім иелену, шегі жоқ ескертулер, сынау, мұғалімдер тарапынан объективті емес бағалаулар, баланың жасағасы келмейтін нәрсесін жасату, т.б.
Кибер-буллинг	Смартфон қолдану	1. Жүйелі түрде қорлау анонимді қоңырауларын немесе смс хаттарын жолдау; 2. Құрбанның атына кір келтіруші фото және видео материалдарды ғаламтор желісіне салу.
	Чаттарды қолдану	Жалған достық, туыстық қарым-қатынастарды орнату (жеке бас мәліметтерін білу үшін)
	e-mail қолдану	Жеке e-mail-н қолдану үшін басқа аккаунтты бұзу
	Әлеуметтік желілерді қолдану	1. Жеке парақшасындағы фото, видеоларына жағымсыз сөздер жазу; 2. Белгілі бір адамды қорлау үшін топ немесе бот құру.

Мынадай мектептерде буллингтің саны аз болады:

- Кез келген жәбірлеуді қабылдамайтын, ересек адамдары қатаң позицияны ұстанатын мектептерде;

- Нақты тәртіп орнатылған және басқа біреуді қорлауға, тиісуге болмайтындығы туралы қағазға жазылып, бұл туралы мұғалімдер мен оқушыларға түсіндірілуі. Сонымен қатар, оқушылардың бойында агрессивті мінез-құлық байқалғанда мұғалімдер тарапынан қарсылықтың болуы;

Буллинг кезінде қандай шаралар қолдану қажет:

1. Сынып ұжымында буллинг анықталған кезде жағдайды бақылап, сабырлы болу керек;

2. Буллинг туралы жағдайға немесе әңгімеге дұрыс көзқараста қарау;

3. Жапа шегушіге қолдау көрсету;

4. Ренжіткен адамға (буллер, агрессор) жағдайға деген қатынасын білдіруі керек;

5. Ренжіткен адамға жапа шегушінің орнында болып көруге мүмкіндік беру;

6. Мұғалімдермен және сынып оқушыларымен біріге отырып, буллинг проблемасын шешу;

7. Қажет кезінде ата-аналарды қосу.

«Оқшау қалған оқушылармен» жүргізілетін жұмыс бойынша мұғалімдерге кеңес:

1. Сыныптағы бір-бірін мазақ етуге алғашынан қатаң түрде тыйым салу;

2. Сыныптағы оқушылардың бір-біріне айтып жатқан дәрекі сөздеріне ескерту жасау;

3. Егер белгілі бір жағдайға байланысты баланың мәртебесі төмендесе, оның басқа бір қырынан жақсырақ көрінуіне мүмкіндік туғызу керек;

4. Сыныпты біріктіретін біріккен шаралар ұйымдастыру (қойылым көру, жорыққа, саяхатқа шығу, қабырға газеттерін шығару және т.б.);

5. Көшбасшы балаларға басқа біреулерді қорлау арқылы емес, өздерінің қабілеттеріне қарай көрінуіне мүмкіндік жасау;

6. Сабақтарда балаларды салыстырудан, мазақ етуден аулақ болғаныңыз жөн. Кейбір мұғалімдер бақылау жұмыстарының бағасын да көпшіліктің алдында хабарламай, күнделіктеріне қоя салады. Қателік жібергендерді атамай, жекелей айтуға дағдылану;

7. Буллерлермен жапа шегушіге неліктен тиісетіндіктерін білу мақсатында жеке сөйлесу.

Жасөспірімдермен жұмыс:

1. Жасөспірімдердің эмоционалды сферасындағы ауытқушылықтарды түзету және алдын алу жұмыстарымен айналысу;

2. Оқушылардың асоциалды мінез-құлықтарын төмендету;

3. Оқушылар тұлғасының күйзеліске қарсы тұру сапасын дамыту;

4. Өзінің әлеуметтік жағдайдағы мінез-құлқына деген жауапкершілігін мойындауға, оны бағалау дағдысын қалыптастыру;

5. Әлеуметтік-психологиялық көмекті қолдану және қабылдау дағдыларын қалыптастыру;

6. Өзінің шекарасын, өзіндік жеке басына қатысты аймақты қорғау дағдыларын қалыптастыру;

7. Өзіндік «Менін» қорғау, өзін-өзі қолдау, өзара қолдау дағдыларын қалыптастыру;

8. Дау-жанжалсыз және тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Студенттердің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне бейімделуінде психологиялық қолдау көрсету

А. САРСЕНБАЕВА

Қазіргі заманның талабы, жас ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу, ол тұлғаның дүниетанымы кең, өзін-өзі қоғамда, өзі білім алып жатқан оқу орнындағы ұжымда өзін бақылай алатын, бағалай алатын, өз еркімен шешім шығара алатын, өзін ұйымдастыра алатын және кез келген ортада өз-өзін таныта білетін болуы қажет. Осы орайда баршаңызға бел-

гілі адамның жаңа ортаға, қоғамға бейімделуі үлкен рөл атқарады. Бейімделу механизмі қоршаған ортаның ауысуы болып табылады. Бейімделу процесі бірқалыпты үйреншікті жерден келесі бір ортаға ауысу кезінде туындайтын қиыншылықтардың жүзеге асуы. Дәл осындай қиыншылықтарға кешегі мектеп оқушысы бүгінгі колледж студенті тап болуы мүмкін. Мектеп табалдырығынан кейін оқушылардың колледжде білім алуға келулері, олардың өміріндегі алғашқы дербес басқан қадамдарының бірі. Сондықтан колледжге бейімделу процесін көптеген аспектілері бар қалыптасу деп қарауға болады.

Студенттің бейімделуі — тәртібі мен жеке қасиеттерінің белгілі бір деңгейде өзгеруінен туындайтын қиын құбылыс. Жас жеткіншектің мектептен басқа оқу ортасына түсіп, жаңа оқу орны, жаңа орта, жаңа тәртіпке тиімді түрде бірден бейімделе алмайды. Тіпті кейбір студенттерде бұл процесс қиыншылықпен аяқталады, ол жыл басында оқу сабақтарына кіріспей немесе 1-семестрін аяқтамай студенттердің колледжден кетуі. Көбіне мұның артында адамның бейімделуі жүйесінің жеткіліксіздігі тұрады.

Дәстүрлі бейімделу жоспарында бірінші курс студенттерінің бейімделуі көбіне студент қызметінің негізгі бағыттарында көрінетін үш аспектіден тұрады:

• **оқу процесінің шарттарына бейімделу:**

- сабақтың өткізілуінің жаңа формасына өтуі;
- бақылау және білімді меңгеруге өтуі;
- мектептегі 45 минуттық сабақтан 90 минуттыққа өтуі;
- өз бетінше өмір сүруі және т.б.

• **топқа бейімделу:**

- топқа ену;
- топтағы ережелерін меңгеру;
- колледж дәстүрлеріне үйрену;

• **болашақ мамандыққа бейімделу:**

- кәсіби білімді меңгеру;
- іскерлікпен дағдыны қалыптастыру және т.б.

Өмірде бұл аспектілер өзара бір-бірімен тығыз байланысты.

Бейімделу процесімен педагогикалық басқару келесілерді айқындайды:

- студенттерді бейімделу процесінің қиыншылықтары туралы ақпараттандыру және оларды жеңу түрлері;

- студенттерде тиімді бейімделу жолдарын қалыптастыру, тәртібін қайта қалыптастыру, жаңа колледждің талаптарына сай жеке қалыптастыру;

- өзін тәрбиелеуді ұйымдастыру кезінде студенттерге көмек.

Бейімделу процесіндегі әсер етуші басқару формасының бірі — топ

жетекшісі болып табылады. Бірінші курс студенттерінің жаңа ортаға бейімделуі, іскер және жеке байланыстың орнауының сәтті аяқталуы көбіне топ жетекшісіне байланысты. Топ жетекшісінің жетістігі көбіне өз жұмысын нақты бағытқа қоюмен байланысты, бағытының негізгі формасы және тәрбиелеу әдісі, оқу орнына бірінші курс студенттерінің бейімделу процесінің басқарудыға тиімділігінде. Сондықтан студентке бейімделу барысында оқытушы тарапынан қажет көмекті оқытушы жеке ерекшеліктер мен мүмкіндіктермен меңгерту керек.

Жалпыға таныс, топ студенттерінің бейімделуін топтық жұмыс арқылы жүзеге асыруға болады. Бірінші жылдың өзінде топтағы достық қарым-қатынас тез бейімделуге көмек береді. Сондықтан, ең алдымен, топтың климатын меңгеру қажет.

Осыған байланысты топта келесідей сауалнамалар жүргізу тиімді болып табылады:

1. Топтағы климат (топ студенттерінің қарым-қатынасын анықтау мақсатында);
2. Мен кімін? (студенттің өзін-өзі бағалау деңгейін және студент туралы ақпаратты білу мақсатында);
3. Жауапкершілік туралы (студенттің жауаптылығын анықтау мақсатында);
4. Өзілқойлығын анықтау (студенттің өзілге бейімділігін, өртістік қабілетін анықтау мақсатында);
5. Кішіпейілділікке (адамгершілік, ізеттілік деңгейін анықтау мақсатында);
6. Тілтабысқыштыққа (топ студенттерімен, ортамен араласу қабілетін анықтау мақсатында);
7. Ата-анамен студент арасындағы қатынас (отбасы жағдайын, қарым-қатынасын анықтау мақсатында).

Студенттердің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне бейімделуінде психологиялық қолдау көрсету өте маңызды. Жаңадан қабылданған студентке педагог тарапынан үлкен бақылауды талап ететіні сөзсіз.

Сонымен студенттердің колледжге психологиялық бейімделуі — оқу орнында қалыптасқан талаптар мен бағалардың өлшемдеріне құндылықтар мен нормаларды өзіне иемденудің есебінен студенттердің сол оқу орнына икемдену қабілетін айтады.

Развитие коммуникации и социального взаимодействия младших школьников с РАС в условиях инклюзивного образования

Д.Г. АСУБАЕВА

*Авторская программа для детей младшего школьного возраста
1 раз в неделю,
всего — 34 часа*

Аннотация

Развитие коммуникации и социального взаимодействия у младших школьников с расстройствами аутистического спектра (РАС) — одна из ключевых задач в системе инклюзивного образования. На данном этапе обучения именно способность устанавливать контакт, выражать свои потребности, понимать других и выстраивать социальные связи является основой успешной адаптации ребёнка с РАС в школьной среде. В условиях инклюзивного подхода к образованию эта задача становится не только педагогической или психологической, но и социальной.

Введение

Программа разработана в соответствии с государственными образовательными стандартами на всех уровнях и с учетом требований к разработке учебных программ и элективных курсов для вариативной части учебного плана. Программа подготовлена в соответствии с *Положением о проведении экспертизы и методического обеспечения учебных программ для вариативной части учебного плана и элективных курсов*, а также с учетом обновленного содержания образования, в соответствии с **Законом Республики Казахстан от 27 июля 2007 года №319-III «Об образовании»** (с дополнениями и изменениями, внесенными 6 мая 2020 года). В программе предусмотрено 1 час в неделю, всего 34 часа в год.

Актуальность программы: современные образовательные учреждения все чаще сталкиваются с необходимостью интеграции детей с расстройствами аутистического спектра (РАС) в инклюзивную среду. При этом одной из основных трудностей становится развитие у таких детей коммуникативных навыков и способности к социальному взаимодействию. Отсутствие целенаправленной программы, направленной на формирование этих умений, усложняет адаптацию и успешное обучение младших школьников с РАС. В связи с этим создание специальной образовательной программы является важным шагом в реализации

принципов инклюзии, гуманизации образования и обеспечения равных возможностей для всех обучающихся.

Цель программы: создание благоприятных условий для формирования и развития коммуникативных умений и навыков социального взаимодействия у младших школьников с РАС в условиях инклюзивного обучения.

Задачи программы:

- Формировать базовые навыки общения: умение приветствовать, задавать вопросы, слушать и отвечать;
- Развивать умения взаимодействовать в паре и группе;
- Содействовать формированию эмоционального интеллекта и понимания социальных норм;
- Повышать уровень включенности в школьное сообщество;
- Оказывать педагогическую поддержку в процессе социализации детей с РАС;
- Формировать толерантность и эмпатию у сверстников.

Новизна программы: программа сочетает элементы коррекционно-развивающего обучения, игровые методики и принципы инклюзии, адаптированные к возможностям младших школьников с РАС. Уникальность заключается в комплексном подходе: коммуникативные и социальные навыки формируются через совместные занятия, моделирование ситуаций и парное взаимодействие с нейротипичными сверстниками.

Научность программы: программа основана на современных психологических и педагогических теориях (Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, О.С. Газман, О.С. Ушакова), исследованиях в области инклюзивного и специального образования, нейропсихологии и поведенческой терапии. Методическая база включает элементы АВА-терапии, социально-эмоционального обучения (SEL), коммуникативных карт PECS и технологии «социальных историй».

Основная часть

Особенности программы:

- Индивидуально-ориентированный подход к каждому ученику;
- Использование визуальных подсказок, пиктограмм и карточек;
- Игровая форма организации занятий;
- Тесное взаимодействие с родителями, педагогами-ассистентами и школьной командой сопровождения;
- Модульная структура программы (разделение по уровням сложности);
- Постепенное усложнение форм взаимодействия: от индивидуального — к групповому.

Ожидаемые результаты и способы их проверки:

Результат ученика (к концу курса)

- Умеет вступать в контакт, инициировать и поддерживать простые формы общения;

- Умеет взаимодействовать с одним или несколькими сверстниками;
- Понимает и соблюдает простые социальные правила;
- Проявляет эмоциональные реакции, соответствующие ситуации;
- Повышен уровень самостоятельности и социальной адаптации.

Способы проверки результатов:

Диагностика:

- Первичная и итоговая диагностика (входная и выходная);
- Индивидуальные карты наблюдений;
- Опросники для педагогов и родителей.

Формативно:

- Регулярное наблюдение и обратная связь;
- Ведение дневников наблюдений;
- Анализ выполнения текущих заданий и упражнений.

Суммативно:

- Сравнительный анализ результатов начального и итогового этапов;
- Итоговое занятие с групповым взаимодействием;
- Экспертная оценка по чек-листам.

Портфолио:

- Фото и видеоматериалы занятий;
- Примеры выполненных заданий;
- Индивидуальные успехи в формате «до/после».

Подготовка:

- Методическая подготовка педагогов по теме РАС и инклюзии;
- Введение специалистов сопровождения (педагог — ассистент, психолог, логопед).

Критерии успешности:

- Участие ребёнка в учебных и внеучебных формах общения;
- Снижение тревожности в социальных ситуациях;
- Спонтанное взаимодействие с окружающими;
- Повышение уровня включенности в школьное сообщество.

Информационно-методический раздел:

Критерии оценивания

Уровень	Критерии оценки
Высокий	Ученик уверенно вступает в контакт, инициирует диалог, применяет правила общения самостоятельно.
Средний	Ученик участвует в общении с помощью подсказок, соблюдает правила в известных ситуациях.
Низкий	Ученик затрудняется в установлении контакта, требуется помощь взрослого на каждом этапе.

Используемые методические ресурсы:

- Программы АВА-терапии и социального взаимодействия;
- Коммуникативные карточки (PECS);
- Методика «социальных историй»;
- Игровые пособия на развитие речи и коммуникации;
- Видео-моделирование (video modeling);
- Методические пособия по РАС (локальные и международные).

Нормативно-правовая основа:

Программа разработана в соответствии с:

- Законом Республики Казахстан «Об образовании»;
- Государственным общеобязательным стандартом начального образования РК;
- Концепцией развития инклюзивного образования в РК до 2030 года;
- Санитарно-эпидемиологическими нормами и правилами для организаций образования;
- Методическими рекомендациями Министерства просвещения РК;
- Международными рекомендациями и практиками по работе с детьми с РАС (DSM-5, WHO, UNICEF).

Содержание

1. Знакомство. Правила группы;
2. Кто я? Кто мы?
3. Моя семья;
4. Мои эмоции;
5. Эмоции других;
6. Что такое дружба?
7. Как подружиться?
8. Умение слушать;
9. Говорим по очереди;
10. Жесты и мимика;
11. Работа в паре;
12. Работа в группе;
13. Учимся помогать;
14. Решение конфликтов;
15. Магазин эмоций (игровая терапия);
16. Что делать, если... (моделирование ситуаций);
17. Привет, давай играть! (Тренинг);
18. Играем вместе;
19. Я и мои чувства;
20. Социальные истории: как вести себя в школе;
21. Я в классе: мой день;
22. Мой друг особенный;
23. Как выразить просьбу;
24. Как сказать «нет»;

25. Мои сильные стороны;
26. Мы разные — мы вместе;
27. Театрализованные этюды;
28. Видеоанализ поведения;
29. День добрых дел;
30. Мы команда (финальный тренинг);
31. Повторение и игра;
32. Индивидуальная диагностика;
33. Рефлексия. Что я узнал?
34. Праздничное завершение;

Инклюзивное образование — это не только про доступ в класс, но и про вовлечённость, принятие и понимание, а также создание безопасной среды, где каждый ребёнок чувствует себя ценным участником школьного сообщества. Успешное развитие коммуникативных и социальных навыков у детей с РАС напрямую влияет на их учебную мотивацию, самооценку и качество жизни, а также формирует более гуманное, терпимое общество, способное принимать разнообразие человеческой природы.

Таким образом, развитие коммуникации и социального взаимодействия младших школьников с РАС в условиях инклюзивного образования — это не только педагогическая задача, но и важнейшая часть реализации прав человека, государственной политики в сфере образования и построения инклюзивного общества. Только системная, профессиональная и целенаправленная работа специалистов может обеспечить таким детям реальные шансы на успешное образование, социализацию и счастливое будущее.

Список используемой литературы и источников

1. Балтабаева А. К. «Формирование коммуникативных универсальных учебных действий младших школьников». *Bulletin of the Karaganda University — Pedagogy series*, 2022. pedagogy-vestnik.buketov.edu.kz;
2. Таганова А. М., Байкадамова А. М. «Формирование коммуникативных навыков у детей с расстройствами аутистического спектра (РАС)». *Вестник Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова*, том 78, № 4, 2024. Актюбинский университет;
3. Каукенова Ә., ŠMIGELSKAS K., Ismagulova S., Butabayeva L., Kozhageldiyeva L. «Accompanying a student with Autism Spectrum Disorder in schools in Kazakhstan: the role of a teacher assistant». *Pedagogy and Psychology*, № 3(60), 2024. *Журнал Педагогической Психологии*;
4. Kenzhakimova G. A., Kurmanzhanova K. K. «Формирование и перспективы развития инклюзивного образования в Казахстане». *ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы*. bulletin-psysoc.kaznu.kz;

5. Аллаярова V. С., Олексюк З. Я. «Трудности внедрения инклюзивного образования в Казахстане». Вестник науки №6 (63) том 2. хп----8sbempclcwd3bmt.xn--p1ai

6. Жатуреева А. А. «Инклюзивное и интегрированное образование в Казахстане: особенности и перспективы развития». Scientific Results, №2, 2023. Publisher Agency;

7. Умирова Л. А. «Развитие коммуникативных навыков у младших школьников на уроках русского языка». Казахстанский педагогический журнал «Мектеп». Ust.kz;

8. Atshabarova A. «Parents of children with ASD in Kazakhstan and the choices they make for educational placement of their children». Магистерская диссертация, Nazarbayev University Graduate School of Education, 2020. Nur Repository;

9. UNICEF / Gurin A., Rathore U., Zhaxylykova Z. «Evidence on Inclusive Education in Kazakhstan based on a Formative and a Big Data Evaluation». 2024;

10. Kosherbayeva L., Kozhageldiyeva L., Каукенова Ә., Samambayeva A. «Situational analysis of intersectoral care for children with Autism Spectrum Disorder (ASD)». Pedagogy and Psychology, Vol. 57 No. 4, 2023. Журнал Педагогической Психологии;

11. Baimoldina D., Kudysheva A. “An Inclusive Education Initiative for Children With Autism Spectrum Disorder in Pavlodar, Kazakhstan”. Level 3: Vol. 12: Iss. 2, 2015. arrow.tudublin.ie

12. Human Rights Watch. “On the Margins”: Education for Children with Disabilities in Kazakhstan». 2019. Human Rights Watch;

13. Karibaev Z., Autaeva A., Zhumabaeva A., Kaliyev N., Zhangoziyeva M., Sultangaliyeva A. «Psychological support for children with special educational needs in an inclusive education». Cypriot Journal of Educational Sciences, Vol. 17 No. 4, 2022. un-pub.eu

Психологическая работа с педагогами для развития эмоционального интеллекта

А.Т. КАНАФИНА

Цель: совершенствование эмоционального фона педагога как средство эффективной работы с детьми с ООП.

Задачи:

- Формирование благоприятного эмоционального климата; Предупреждение и снятие психологической перегрузки педагога;
- Развитие позитивного отношения к себе, осознание собственной

самоценности;

- Оказание помощи в осознании личностных ресурсов и внесении возможных корректив в исполнение своих жизненных и деятельностных функций.

Вводная часть

(Участники удобно располагаются в сенсорной комнате. Звучит классическая приятная музыка)

Восточная философия гласит, о том что: Мудрость жизни — это способность управлять своими эмоциями, держать себя в руках и уметь управлять собой.

Современный педагог работает в условиях больших психических и эмоциональных нагрузок. Он почти ежедневно сталкивается с различного рода конфликтными, эмоционально-напряжёнными ситуациями, которые требуют умения владеть собой, сохранять способность к деятельности в эмоциональных ситуациях.

Эмоциональная устойчивость — способность человека противостоять неблагоприятным факторам, преодолевать состояние эмоционального возбуждения и быстро возвращаться к состоянию душевного равновесия после стресса. Для эмоционально-устойчивого человека каждая стрессовая ситуация как тренировка. Он становится сильнее, мудрее, более здраво подходит к решению проблем и спокойно переносит все превратности судьбы.

Здоровый эмоциональный интеллект — это важный фактор сохранения нормальной работоспособности педагога, эффективного взаимодействия с учениками, коллегами и родителями учащихся.

Сегодня мы поговорим о наши эмоциях и чувствах, научимся распознавать свои эмоции и управлять своим настроением и выполним различные техники и упражнения по улучшению эмоционального фона.

Основная часть

Мозговой штурм «Улучшение эмоционального фона» *(способы саморегуляции в ситуации стресса).*

Участники обсуждают и записывают способы борьбы со стрессом. Потом по очереди проговаривают свои версии, не повторяя друг друга.

Естественные приемы регуляции организма:

- смех, улыбка, юмор;
- размышления о хорошем, приятном;
- различные движения типа потягивания, расслабления мышц;
- наблюдение за пейзажем за окном;
- рассматривание комнатных цветов в помещении, фотографий и других приятных или дорогих для человека вещей;
- мысленное обращение к высшим силам (Богу, Вселенной, великой идее);

- «купание» (реальное или мысленное) в солнечных лучах;
- вдыхание свежего воздуха;
- чтение стихов;
- высказывание похвалы, комплиментов кому-либо просто так.

Конечно, нужно правильно уметь расслабляться, владеть техниками управления своим психоэмоциональным состоянием.

Упражнение «Улыбка» (регуляция эмоционального фона).

Предлагаю сесть удобно, в круг, и поприветствовать друг друга. Подарить друг другу тепло и радость своей улыбкой. Хочу задать вам вопрос: что вы хотите получить от нашего времяпровождения и что вы сами можете дать от себя.

Давайте начнем с того, что вы можете сделать друг для друга. А это ваши улыбки, ведь так прекрасно чувствовать улыбки и дарить их. Давайте улыбнемся сами себе и друг другу и подарим себе аплодисменты.

Упражнение «Комплименты» (регуляция эмоционального фона).

Давайте восклицать, друг другом восхищаться,

Высокопарных слов не стоит опасаться.

Давайте говорить друг другу комплименты,

Ведь это все любви счастливые моменты...!

Улыбку подарили, а теперь давайте подарим друг другу комплименты. В этом задании — мы будем говорить друг другу приятные пожелания.

Упражнение «Шарик» (регуляция работы с гневом).

Надуйте воздушный шарик и держите так, чтобы он не сдувался.

Представьте себе, что шарик — это ваше тело, а воздух внутри шарика — это ваш гнев или злость.

Как вы думаете, что случится с шариком, если его сейчас выпустить из рук? (Он улетит).

Отпустите шарик и проследите за ним. (Участники отпускают шарик. Он быстро перемещается из стороны в сторону).

Заметили, что шарик был совершенно неуправляемым? Так бывает и со злым человеком. Он может совершать поступки, не контролируя их. Может обидеть или даже ударить кого-нибудь.

Теперь надуйте другой шарик и попробуйте выпускать из него воздух маленькими порциями. (Участники выполняют задание)

Что теперь происходит с шариком? (Он сдувается). А что происходит с гневом внутри шарика? Можно им управлять? (Он выходит из него. И этим гневом можно управлять)

Так и человек должен учиться управлять своим гневом для того, чтобы не навредить окружающим людям и себе.

Упражнение «Муха» (снятие напряжения с лицевой мускулатуры).

Сядьте удобно: руки свободно положите на колени, плечи и голо-

ва опущены, глаза закрыты. Мысленно представьте, что на ваше лицо пытается сесть муха. Она садится то на нос, то на рот, то на лоб, то на глаза. Ваша задача: не открывая глаз, согнать назойливое насекомое.

Упражнение «Сосулька» (*управление состоянием мышечного напряжения и расслабления*).

Встаньте, пожалуйста, руки поднимите вверх и закройте глаза. Представьте, что вы — сосулька или мороженое. Напрягите все мышцы вашего тела: ладони, плечи, шею, корпус, живот, ягодичные, ноги. Запомните эти ощущения. Замерьте в этой позе. Заморозьте себя. Затем представьте, что под действием солнечного тепла вы начинаете медленно таять. Расслабляйте постепенно кисти рук, затем мышцы плеч, шеи, корпуса, ног и т.д. Запомните ощущения в состоянии расслабления. Выполняйте упражнение до достижения оптимального психоэмоционального состояния. Выполним упражнение ещё раз.

Упражнение «Дождик» (*снятие напряжения*).

Лимфа — это жидкость, которая пронизывает почти весь наш организм. И если кровь доставляет к клеткам питательные вещества и кислород, то лимфа забирает от них все ненужное и вредоносное, что образуется в процессе жизнедеятельности, поэтому, чтобы не было застоя, необходимо каждый день себя простукивать по телу, чтобы разогнать лимфу и не создавать застои, что образуется в процессе жизнедеятельности. И именно поэтому я предлагаю вам сейчас проделать упражнение «Дождик». (*Участники становятся в круг друг за другом и кладут руки на плечи впереди стоящему*).

Легкими прикосновениями каждый участник имитирует капли начинающегося дождя. Капли падают чаще, дождь становится сильнее и превращается в ливень. Большие потоки стекают по спине. Затем потоки становятся все меньше, капли реже и совсем прекращаются.

Упражнение «Волшебный сон» (*релаксация, гармонизация мышечного и общего состояния*).

Заключительная часть.

Поделитесь своими эмоциями. Что сегодня было вам полезно и интересно?

Задание «Волшебная шкатулка».

Сейчас я хочу передать вам волшебную шкатулку. В ней находится нечто уникальное, чудесное и неповторимое (*участники закрывают глаза, получая шкатулку, открывают глаза, заглянув в нее видят Зеркало, передают следующему участнику*).

- Что вы ожидали увидеть в шкатулке?
- Какие чувства у вас вызвало содержимое шкатулки?
- Каждый из вас уникален и неповторим.

Рефлексия.

Поделитесь своими эмоциями. Что сегодня было вам полезно и интересно?

Сегодня с вами мы выполнили различные упражнения и задания по совершенствованию здорового эмоционального интеллекта. Имея гармоничный эмоциональный фон уроки с нашими учениками будут более эффективны и продуктивны. Рада была провести с вами время. Спасибо за внимание.

Педагогтардың кәсіби-эмоциялық құлдырауының алдын алу

Н. БӨПЕЖАНОВА

Мақсаты: психологиялық тренингке қатысушыларға айналасындағы адамдармен, қоршаған орта, өзін-өзі қалыптастыру барысында талдау жасауда сүйенетін психология ғылымынан мәлімет беру.

Қатысушылар: мектеп мұғалімдері.

Қажетті құралдар: суреттер, тренинг ережесі, геометриялық фигуралар, үлестірмелі қағаздар, маркерлер.

Тренинг жоспары:

1. Психогеометриялық тест;
2. Бой сергіту: «Орын алмасамыз»;
3. «Суреттегі ой» жаттығуы;
4. «Әріптік мәтін» жаттығуы;
5. Рефлексия.

1. Психогеометриялық тест

Психогеометриялық тест. Әр қатысушы өзі таңдаған фигураға байланысты мінездемесі оқылады.

Шаршы — ұйымдастырғыш, дәлдік бақылауға қатал, қадағалайтын, ойлаушы, нұсқаушы, ақпаратқа байқампаз, хабаршыл, жазбаша сөздікке ынталы, ұқыпты, тазалық сүйгіш, сақтанғыш, суық, үндемейтін, қырсық, табанды, еңбексүйгіш, эрудициясы басым, бас саясаткер, достары мен таныстары шағын, еңбекқор адам.

Үшбұрыш — көшбасшы, билікке талпынғыш, тазалықты сүйгіш, жеңісе құмар, өз-өзіне сенімді, шешім қабылдағыш, батыл, сезімі күшті, энергиясы жеткілікті, қауіп-қатерге жақын, лауазымды қызметкер, шыдамсыз, саясаткер, сөз тапқыш, ортадағы қарым-қатынас кең, жақын достары мен ортасы шағын, көшбасшы адам.

Тіктөртбұрыш — көңіл-күйі өзгермелі, өз-өзін қадағаламайды, қоз-

ғыш, көп нәрсені білгенді ұнатады, батыл, өз-өзін төмен бағалайды, өз-өзіне сенімсіз, басқаларға сенгіш, жылдам, көңіл-күйі жылдам өзгереді, дау-дамайдан қашады, тиянақсыз, ізденімпаз адам.

Шеңбер — қарым-қатынасты жоғары бағалайтын, өзгелерді қадағалайтын, кең пейілді, түйсігі жақсы дамыған, шыдамды, эмоцианалды, сезімтал, сенгіш, тез шешім қабылдай алмайды, бас саясаткер, әңгіме айтқанды ұнатады, біреуді көндіре алады, өзгелерге көзқарасын дәлелдей алады, өткен өміріне көп көңіл бөледі, көпшіл, ынталы, достары мен таныстары көп, мейірімді адам.

Зигзаг — көңіл-күйі өзгеруге бейім, креативті, білімге ынталы, түйсігі жақсы дамыған, өз идеяларына ұстамды, арманшыл, болашаққа талпынысы жоғары, барлық жаңа өзгерістерге қызығушылығы жоғары, қағаз жұмыстарын ұнатпайды, адамдардың ортасында бірқалыпты, ойын-сауыққа құмар, қаржы мәселесіне немқұрайлы қарайды, шығармашыл адам.

2. Бой сергіту: «Орын алмасамыз»

Қатысушылар шеңбер жасай орындықта отырады.

Нұсқау: «Қанеки, кімде — кімнің...

- шашы ұзын қыз-келіншектер;
- алмұртты жақсы көретіндер;
- гитара тарта алатындар;
- сағат тағып жүргендер;
- өмір бойы бір мекемеде қызмет етіп келе жатқандар;
- қазіргі уақытта жаңа бағдарламамен жұмыс жасайтындар;
- өз жұмысының нағыз маманымын дейтіндер;
- 10 жылдан астам педагог болып жұмыс жасап келе жатқандар;
- бала кезден мұғалім болуды армандағандар.

Тренингке бірінші рет қатысып отырған жандар болса бір-біріңмен орын ауыстыруларыңыз сұралады». Мақсат аталған белгілері немесе қабілеттері бірдей кісілердің орындарын ауыстыру. Жүргізушінің мақсаты — кез келген босаған орынға жылдам отыра қою. Кім отырып үлгіре алмаса, енді сол жүргізуші болады.

- Бәріңізге де үлкен рахмет! Бәріңіз де бой сергіту жаттығуын ойдағыдай орындадыңыздар! Енді түгел орындарыңызға қайта отырыңыздар.

3. «Суреттегі ой» жаттығуы

Барысы: экраннан 3 топқа бөлінген суреттер көрсетіледі.

Тренер сөзі: экрандағы суреттерге байланысты әр топ өз ойларын, түсінгенін айтып ой бөліседі.

1-тапсырма: ақ қағазға салынған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан.

Мұғалімдер ойы:

Тренер талдау: Ортасында қара нүктесі бар ақ кеңістік. Бұл бала алғаш дүниеге келгенде ақ қағаздай, сол қағазға ата-анасымен біздердің салған бейнеміз қаншалықты дұрыс болса, сол нәтижесімен салыстыруға болады.

2-тапсырма: Жарқын шуағын төккен күн шуағының астында әр ұлт-

тың үш баласы қол ұстасып тұрғаны бейнеленген.

Мұғалімдер ойы:

Тренер талдау: Сыртқы түстері әр түрлі болғанымен бұл балалардың жан дүниесі бірдей, сондықтан ұлағатты ұстаздар оларға күн сәулесіндей бірдей мейірім шуағын төгеді. 3-тапсырма: Біреуді нұсқап тұрған сұқ саусақты бейнелеу.

Мұғалімдер ойы:

Тренер талдауы: Біз сұқ саусағымызбен өзгені көрсетіп тұрғанда өзге үш саусағымызбен өзімізді көрсеткенімізді аңғара бермейміз. Ендеше, біз әлдекімді кінәлағанда, өзіміздің кінәміз бар ма, жоқ па, осы жағына көңіл бөлуіміз қажет. Кінәні өзгеден емес, өзімізден іздейік. Сіздердің жауаптарыңыз да керемет болды, рахмет! Енді, арнайы сіздерге тағы бір сурет көрсетіледі, бұл тапсырманы 3 топ та орындау керек.

4-тапсырма: Түнгі аспан, жымыңдаған жұлдыздар жарығы сөнбеген бір үй бейнеленген.

Мұғалімдер ойы:

Тренер талдау: Түн. Айнала жым-жырт. Аспанда жымыңдаған жұлдыздар, ел ұйқыда бірақ ояу бір кісі бар. Ол — мұғалім. Ол қанша жыл ұстаз болғанымен, жұмыста да, үйдеде, ертеңгі сабағына үлкен жауапкершілікпен дайындалып келеді. Құрметті әріптестер, менімен келісесіздер ме? Керемет, жарайсыздар!

4 . «Әріптік мәтін» жаттығуы

Әріптік мәтіннің ішінде алдағы саяхатта сендерге ең қажетті қасиет туралы айтқан Абайдың өлең шумағын оқи аласыңдар. Тапсырма: әріптік мәтінді тездетіп қарап, дәптерге өлең шумағын жазыңдар.

Өзін-өзі бағалауды арттыру және эмоционалды тұрақтылықты дамыту: арт-терапиядағы МАК карталары мен маскотерапияны ықпалдастыра қолдану

С. БРАТАШ

Аңдатпа

Мақалада арт-терапияның негізгі тәсілдері — маскотерапия және метафоралық ассоциативті карталарды (МАК) интеграциялап қолдану арқылы өзін-өзі бағалау мен эмоционалды тұрақтылықты дамыту жолдары қарастырылады. Тренинг техникасы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда тиімді психологиялық құрал екені анықталды.

Кіріспе

Жасөспірімдер арасында өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, эмоционалды күйзеліс, ішкі қақтығыстардың күшеюі және аутодеструктивті мінез-құлықтың жиі көрінуі қазіргі мектеп психологтары үшін маңызды мәселе болып отыр. Оқушының ішкі жан дүниесі туралы тікелей сұрақтарға жауап беруі әрдайым мүмкін бола бермейді. Сондықтан психологиялық практиканың заманауи бағыттары — арт-терапия, метафоралық карталар, символдық және бейнелі әдіснамалар — баланың ішкі күйіне қауіпсіз, жарақатсыз жолмен жақындауға мүмкіндік береді.

Аталған мақалада осы тәсілдердің біріктіріліп, мектеп психологының практикасында тиімді қолданылуы қарастырылады.

Әдеби шолу

Арт-терапия XX ғасырдың ортасынан бастап психологиялық түзету мен терапияда кеңінен қолданыла бастаған. Р. Арнхейм, Э. Крамер, К. Рудестам еңбектерінде арт-терапия символдық бейнелеу арқылы адамның ішкі дүниесін зерттеудің табиғи әдісі ретінде ұсынылады.

Метафоралық ассоциативті карталар (МАК) Е. Епанешникова, М. Гинзбург, И. Козлова еңбектерінде жобалық әдіс ретінде сипатталады. МАК адамның бейсаналық деңгейдегі эмоцияларын белсендіреді, символдық ойлау арқылы өзін-өзі түсінуді жеңілдетеді.

Маскотерапия — адамның сыртқы рөлі мен ішкі бейнесін салыстыра отырып, тұлғаның ішкі қақтығыстарын анықтауға бағытталған арт-терапиялық бағыт. Бұл әдіс В. Лабунская, Л. Копытина зерттеулерінде кеңінен сипатталған.

Музыкатерапия элементтері, әсіресе ұлттық дәстүрлі музыка, адамның эмоционалды қабылдауына тікелей әсер етеді. «Құрманғазы күйлері — динамикалық, эмоционалды және табиғи экспрессияға негізделген ырғақтық құрылымдары арқылы тыңдаушының психоэмоционалдық жағдайына терең әсер етеді»

Тренинг бағдарламасы.

Қатысушылар: педагог-психологтар.

Қажетті құралдар: маска бейнесі бар бланк (2 дана), түрлі-түсті фло-мастерлер, МАК карталары, музыкалық құрылғы (Құрманғазының күйлері).

1. Кіріспе (5 минут)

Музыка: Құрманғазы — «Сарыарқа» күйі орындалады.

Мақсаты: тренингтің маңызын түсіндіру, қатысушыларды шығармашылыққа бағыттау, арт-терапияның рөлін көрсету.

Сценарий:

«Бүгін біз шығармашылық метафоралық тәсілдерге негізделген АРТ-терапия технологияларымен танысамыз. Бұл әдістер адамның ішкі әлемін бейне, символ, түс және МАК карталары арқылы зерттеуге мүмкіндік береді. АРТ-терапияның мақсаты — сезімдерді тану, ішкі күйді түсіну, мазасыздықты азайту және жеке ресурстарды анықтау. Бұл тәсілдер ауто-

деструктивті мінез-құлықтың алдын алуға көмектесіп, оқушының ішкі жан дүниесін қауіпсіз әрі жұмсақ түрде ашуға жағдай жасайды»

2. Ішкі кеңістікке қадам (5 минут)

Музыка: «Сарыарқа» күйі орындалады.

Мақсаты: ішкі сезімдерге назар аудару, релаксация жасау.

Әрекет:

- Қатысушылар орындарына жайғасып, көзін жұмып, тыныс алады;
- Визуализация: «ішкі есік», ішкі «Мен» бейнесімен байланысу;
- Аффирмация: «Мен мұнда өзіммен болу үшін келдім».

3. Маскотерапияға кіріспе (5 минут)

Мақсаты: сыртқы және ішкі бейнені зерттеу, маска техникасының үш моделін таныстыру:

1. Сыртқы бейне;
2. Ішкі шынайы күй;
3. Гармония маскасы + МАК картасы.

Түсіндірме:

Маска адамның ішкі және сыртқы «Менін» салыстыруға мүмкіндік береді, эмоцияларды бейнелеу арқылы өзін түсінуді жеңілдетеді. Бұл әдіс эмоционалдық шиеленісті азайтуға, өзіндік «Мен»-ді қалыптастыруға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

4. Маска 1: Сыртқы бейне (10 минут)

Музыка: Құрманғазы — «Адай» күйі орындалады.

Мақсаты: сыртқы бейнені анықтау.

Әрекет:

Сұрақ: «Мен адамдарға қандай бейнені көрсетемін?»

Маска жасау (символдар, түстер, сызықтар арқылы);

Талдау: эмоциялар, рөлдер, әлеуметтік күту.

5. Маска 2: Ішкі бейне (10 минут)

Музыка: Құрманғазы — «Аю» күйі орындалады.

Мақсаты: ішкі сезімдерді зерттеу.

Әрекет:

Сұрақ: «Мен шын мәнінде не сезінемін?»

Ішкі маска жасау;

Сыртқы және ішкі маскаларды салыстыру;

Талдау: ішкі сезімдерді тану, тепе-теңдікке не көмектесетінін анықтау.

6. Маска 3: Гармония + МАК картасы (10 минут)

Музыка: Құрманғазы — «Балбырауын» күйі орындалады.

Мақсаты: ішкі және сыртқы әлемді үйлестіру, ресурс табу;

МАК картасынан сәйкес суретті таңдау;

Үшінші масканы жасау;

Ресурс тұжырымы: «Менің ресурсым — ...»

Талдау: ішкі күш, сенім, шығармашылық потенциалды анықтау, үш маска арасындағы байланыс.

7. Қорытынды және бекіту (5-10 минут)

Үш масканың байланысын талдау;

Ішкі-сыртқы тепе-теңдікті түсіну;

Қатысушылар кері байланыс парағын толтырады: «Бүгінгі жұмыс сізге ой салды ма?», «Ішкі және сыртқы бейнемнің айырмашылығын көріп, не сездіңіз?»

«Үш масканың үшеуі де — сіздің болмысыңыз. Басқалар көретін маска, ішіңізде өмір сүретін маска және сіз ұмтылатын маска. Олардың барлығы маңызды. Өзіңіздің барлық қырларыңызды қабылдағанда, сіз әлдеқайда күшті әрі сабырлы бола түсесіз. Ал үшінші маска әр адамда өзгеруге және тепе-теңдік табуға мүмкіндік беретін ішкі күш бар екенін еске салсын».

Нәтиже:

- Өзін-өзі бағалау: бастапқы 3-4 → соңғы 5 балл;
- Жиі таңдалған ресурстар: ішкі күш, сенімділік, шыдамдылық, тыныштық, еркіндік, шығармашылық потенциал;
- Сыртқы маска: рөлдік бейнелер (маман, ұстаз, ата-ана);
- Ішкі маска: жасырын эмоциялар (шаршау, мазасыздық, үміт, қорқыныш);
- Гармония маскасы: жарық, кеңістік, табиғат, қанат, жол.

Қорытынды

Арт-терапия, маскотерапия және МАК карталарын ықпалдастыру оқушының ішкі әлемін зерттеудің тиімді, қауіпсіз және креативті әдісі болып табылады. Бұл тәсіл өзін-өзі бағалауды арттыруға, эмоционалды тұрақтылықты нығайтуға және ішкі ресурстарды ашуға ықпал етеді.

«Біз бәріміз кейде «маска» киеміз — бұл табиғи нәрсе. Ол бізді қорғайды және қоғамға бейімделуге көмектеседі. Бірақ маска мен ішкі «Меннің» арасындағы айырмашылық тым үлкен болса, күйзеліс пен шаршау туындауы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиет

1. Лабунская В.А. *Маска в психологии личности*. — СПб., 2014;
2. Копытина Л.М. *Арт-терапия в работе с подростками*. — М., 2015;
3. Гинзбург М. *Метафорические ассоциативные карты в консультировании*. — М., Практик, 2012;
4. Епанешникова Е. *Проективные методы в психологии*. — Минск, 2016;
5. Буравцова Н.В. *Ассоциативные карты в психотерапии деструктивных проявлений*. — Новосибирск, 2018;
6. Моисеенко А. *МАК-БУК. Настольная книга по практикам с Метафорическим Ассоциативными Картами*. — М., 2023.

Психологиялық қолдау көрсетудің түрлі формаларын тест тапсыруға дайындауда қолдану

Л. СМАГУЛОВА

Оқушыларға топқа бөліп, психологиялық сабақ жүргізу. Бұл сабақтың мақсаты қажетті дағдыларды дамыту. Ерекше қиындық туғызатын оқушыларды осы топқа бөліп оқыту.

Мазасыз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Мазасыз балалар оқу процесінде ерекше толғаныстарға ұшырайды. Кез келген сабаққа байланысты жағдайларда қауіпті деп санайды. Мысалы: диктант, бақылау, сарамандық жұмыстар, тест жұмыстар кезінде қобалжу байқалады.

Осы балаларды қалай анықтауға болады?

Жазған тапсырмаларын қайта-қайта тексеріп, мұғалім бетіне қарап бақылаумен болады. Мұғалімге жиі сұрақтар қойып, «дұрыс» немесе «қате» істегендігін тексеруді сұрайды. Олар көбіне саусақтармен, шаштарын қолдарына орап, қаламсаппен ойнап мазасызданып отырады. Бұл балаларға емтихан тапсыру өте қиын. Әсіресе, ҰБТ тапсырарда. Мұғалімнен кеңес ала алмауында мазасызданады.

Емтихан тапсыру кезінде.

Мазасыз оқушыларға сезімдік қолдау көрсетілген жөн. Оған емтихан нәтижесінің өте маңызды екенін айта бермеу керек. Себебі бұл оқушылардың бұрынғыдан да мазасыздануына әкеледі. «Сен орындай аласың, мен саған сенемін, қолыңнан келеді» деп қолдау көрсететін сөздер өте қажет. Түрлі мимикамен көрсетуге болады: арқасынан қағып, күлімсіреп, жылы сөйлеп сенімділік таныту керек.

Сенімсіз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалардың өз пікірінің болмауында, үнемі басқалардан көмек күтетіндерінде. Өз жұмыстарын өз бетінше тексере алмайды, өз-өзіне сенбейді. Өзі шешетін жұмыстарда қиналады. Олар көбіне ата-аналарынан, сыныптастарынан көмек сұрауға бейім. Сенімсіз балаларға кез келген емтихан тапсыру қиын, олар өз бетінше шешім қабылдай алмайды.

Дайындалу кезеңінде.

Сенімсіз балалармен жұмыс істегенде оған тапсырманын жеңілін, біртіндеп қиынына көшіңіз. Бірақта қайта сұрап пікірін біліңіз. тапсырманы орындап жатқанда көбірек отырып қалса, онда сіз сұраңыз: «Сен неден бастарын білмей отырсың ба?», «Сен жеңіл тапсырмадан бастасаң немесе тапсырмаларды бір қарап шық». Ешуақытта мына сөздерді айтпаңыз: «Тағы ойлан», «Жақсылап ойлан». Бұл сөздер оның мазасын алады да, тапсырманы орындамауына әкеледі.

Әлсіз оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Әлсіз балалар тез шаршайды. Бұл шаршау жоғарғы нерв жүйелеріне байланысты. Сондықтан оған түзету жұмыстар жүргізу.

Дайындалу кезеңінде.

Дайындық кезеңінде әлсіз балаларға көп талап қоюға болмайды. Оны басқалармен салыстыруға болмайды. Мысалы: «Анау бала таңертеңнен кешке дейін дайындалады, ал сен 2 сағаттан кейін-ақ шаршап қалдың». Әлсіз бала шаршамас үшін сабақ араларында үзіліс жасап, демалуы керек. Әлсіз баланың ата-анасы невропатологқа барып, балаға қолдау көрсететіндей витаминдер немесе шөп дәрілер туралы кеңестер алсын. Бұл балаларды асықтыруға болмайды.

Гипертимді балалар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Гипертимді типтегі балалар өте жылдам, энергиясы мол, белсенді болып келеді. Олар тапсырманы тез орындайды, ұқыпты және тура орындағаннан гөрі, жылдам орындап тастағанды жөн көреді. Емтихан барысында зейінділікті, жинақылықты мұқияттылықты талап етеді. Бұл балалар тапсырманы орындауға тез ауысып, бұл жағдайларды ескермей жатады.

Дайындалу кезеңінде.

Оның қызмет істеу қарқынын төмендет деп айтудың қажеті шамалы, бәрібір ол өзіне қолайлы қарқында жұмыс атқарады. Оған орындаған тапсырмаңды мұқият тексер, ҰБТ нәтижесінің маңыздылығын айтып жеткізу.

Бос оқушылар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалардың қимылы аз. Олар әрең тапсырмадан екіншісіне ауысады. Бұл балалар әр тапсырманы орындауға өте көп уақыт бөлетіндігінде. Бұл типтегі балаларды асықтыратын болсақ, онда олардың қызметінің қарқыны да төмендейді.

Дайындалу кезеңінде.

Бұндай балаларға сағатпен жұмыс істеткен жөн. Мысалы: «Сен 1 сағатта 5 тапсырма орында. Сонда әр тапсырмаға 12 минут бөлесің». Мұндай жаттығулар оқушылардың тез басқа тапсырмаға ауысуына көмегін тигізеді. Егер бұл оқушылар тапсырманы шешуге көп уақыт бөлсе онда жай ғана: «Сен келесі тапсырманы орындауға көшсең болады» деп ескертуіңіз болады. Тек оны асықтырмаңыз, ол оның жұмыс қарқынын төмендетеді.

Аудиалдар мен кинестетиктер.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бізге белгілі, қабылдаудың 3 түрі бар: аудиалды (есту), визуалды (көру) және кинестетикалық. Әр адамда осы үш түрдің біреуі жақсы дамыған. ҰБТ кезінде аудиалдар мен кинестетиктер үшін өте қиын, себебі оларда ауызша айту қабілеті дамыған, ал визуалдарға жеңіл болып келеді.

Дайындалу кезеңінде.

Бұл категориядағы балалар қалай оқу материалын есінде қалу жағын қарастыруы қажет. Оған мүмкіндігіне лайық жұмыс тауып беруге көмектесіңіз. Аудиалдар берілген тапсырманы ауызша жай қайталап дұрыс жауабын есіне түсіруі қажет. Кинестетик жай қимылдармен өзіне көмектесе болады (аяқ-қолын қимылдатып). Әрбір оқушының мазасыздану деңгейін байқау үшін, алдарыңыздағы тестіге жауап беріп, ұпай санын анықтап, оқушының мазасыздану деңгейін байқауға болады.

Еріксіз және өз бетінше ұйымдастыра алмайтын балалар.

Қысқаша психологиялық сипаттама.

Бұл балалар ұмытшақ, зейінсіз, ерік-жігері дамымаған болып келеді. Оларда зейінді болуға қажетті барлық психикалық функциялар дамыған, бірақ жалпы қызметі ұйымдастыру деңгейі өте төмен. Бұл балалардың еңбекке қабілеті тұрақсыз, олардың көңілі тез басқа жаққа ауып кетеді. ҰБТ кезінде бала қызметінің өте биік ұйымдасқанын талап етеді. Бұл балалардың таным процестерінің жоғарғы деңгейіне дамығандығына және білімдігіне қарамастан, олар өз уақыттарын тиімді қолдана алмауы мүмкін.

Дайындалу кезеңінде.

Олардың психикалық функцияларды заттық құралдар көмегімен қалыптастырған қолайлы. Сондықтан дайындық кезеңінде балалардың ой қызметінде түрлі заттық құралдарды, өз бетінше қолданғаны өте маңызды. Мұндай құралдарға уақытты көрсететін сағаттар, керекті қатарды көрсетуге сызғыш және т.б. жатады.

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНБАЛЫ «МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ — ПСИХОЛОГИЯ
В ШКОЛЕ» ЖУРНАЛЫНДА 2025 ЖЫЛЫ ЖАРИЯЛАНҒАН
МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ**

**СПИСОК ОПУБЛИКОВАННЫХ СТАТЕЙ В
РЕСПУБЛИКАНСКОМ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОМ И
ПРИКЛАДНОМ ЖУРНАЛЕ «МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ —
ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ» ЗА 2025 ГОД**

Этнопсихология мәселелері – Вопросы этнопсихологии

Агабдилова Г. Ұлттық мектеп туралы менің ойларым. №1, 3-б.;

Есенғазы Н. Конституция дегеніміз — Мемлекеттік идеология. №10, 3-б.;

Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерінің психологиялық және тәрбиелік маңызы. №12, 3-б.

Конференция

Әрінова Б., Акимбаева Ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасына 85 жыл. №2, 3-б.;

Мынбаева А.К., Садвакасова З.М., Кабакова М.П. Джакуповские чтения — 2025. №6, с. 3.

***Профессор М.П. Кабакованың 55 жылдығына орай – К 55-летию
профессора М.П. Кабаковой***

Абдрахманов А.Э., Абдрахманова Р.Б. Проблема и факторы формирования неблагополучных семей. №5, с. 39;

Алимбаева Р.Т. Ценностные установки супружеских пар в полиэтническом браке. №5, с. 33;

Аманова И.Қ., Сабирова Ж.Н., Қуанәлі М. Қазіргі цифрландыру заманында жеткіншектердің тұлғалық дамуындағы отбасының рөлі. №5, 22-б.;

Асилова М. Дружеское поздравление! №5, с. 46;

Әмірова Б. Өмірін ғылыммен өрнектеген ғалым-психолог. №5, 4-б.;

Бейсенова Ж. «Отбасы психологиялық ғылым мен тәжірибенің назарында»: ғалым, жантанушы М.П. Кабакованың отбасы психологиясы мәселелері зерттеулеріне қысқаша шолу. №5, 12-б.;

Белолы В.С., Белолы Н.А., Короткова Н.В., Нещерет Т.В. Поздравляем с 55-летним Юбилеем профессора Кабакову М.П. №5, с. 8;

Валиева А.Б. Вдохновляющее лидерство в науке, образовании и жизни: К юбилею Кабаковой М.П. №6, с. 22;

Долинко Н.В., Назарова А.Е. Эмоциональный интеллект как фактор конструктивного разрешения супружеских конфликтов. №5, с. 30;

Ермаханова К.С., Аксакалова Ж.К. Роль семьи в духовно-нравственном воспитании школьника. №5, с. 27;

Жантিকেев С., Серикова Д. Особенности гендерных различий в мотивах вступления в брак. №5, с. 25;

Жукешова Ж. Майре Победовне — Психологу, Учёному, Женщине! №5, с. 47;

Изакова А.Т. Использование рекомендаций развития личностного роста членов семьи, предложенные Кабаковой М.П. в учебном пособии «Психология семьи и брака», в работе с семьей по авторской программе «Талант-менеджмент». №5, с. 19;

Катшыбекова Н. Искренние поздравления с юбилеем моего научного руководителя. №5, с. 45;

Кенжетаева Р.О. Воспоминания о годах обучения в КазНПУ им. Абая (1993-1999 гг.). №5, с. 16;

Қасен Г.А., Маратқызы З. Влияние семейной проблематики на деструкции личности: обзор исследований. №5, с. 42;

Муса К.М., Манарбекова Ж.К., Мухамедгалиева А.М., Сидоренко К.Р. Локомотив казахстанской семейной психологии — Кабакова Майра Победовна. №5, с. 10;

Мынбаева А. Психолог, Профессор, Интеллектуал и Замечательная мама — Майра Победовна Кабакова. №5, с. 3; Творческая встреча, посвященная Международному Дню Семьи и юбилею профессора Майры Победовны Кабаковой. №6, с. 18;

Некрасова Ю.С., Капбасова Г.Б. Образ реальных родителей с представлениями о собственном родительстве у молодых людей. №5, с. 36;

Нуркина Ж. Семья как система психологического сопровождения и проектной реализации с семьей, №5, с. 18;

Таубаева Ш., Әлқожаева Н. Қадірменді әріптесіміз — Майра Победовнаға! №5, 7-б.;

Токмагамбетова А.Д. У психолога после 40 лет все только начинается... №5, с. 45.

***Профессор Д. Дүйсенбековтың жарқын бейнесі –
Светлой памяти профессора Д.Д. Дүйсенбекова***

Болтаева А. Ғылым жолындағы шамшырақ. №6, 15-б.;

Кабакова М.П. Жизнь, отданная науке. №6, с. 7;

Цыганенко М. Учёный, педагог, основатель казахстанской школы юридической психологии. №6, с. 10.

**М.А. Ускембаеваның жарқын бейнесі –
Светлой памяти М.А. Ускембаевой**

- Аменжаева У. Жан құрбым — жалындаған жастығым. №9, 16-б.;
- Әлқожаева Н. Еліне шынайы қызмет еткен адал жан. №9, 37-б.;
- Балабаева Н.Н. О Маргарите. №9, с. 19;
- Бұлатбаева А.А. Приют «Arasha» — общий дом надежды и тепла. №9, с. 27;
- Жаназарова Ж.З. Светлый образ Маргариты Абдикаримовны Ускембаевой. №9, с. 25;
- Кабакова М.П., Аубакирова С. Голос справедливости, научная глубина и сердце, полное заботы. №9, с. 3;
- Кусаинова Ж.Т. Воспоминания о нашей Маргарите. №9, с. 12;
- Қоқай А. Маргарита Ускембаева: урок мужества и эмпатии для школы и общества. №9, с. 34;
- Мустафина А.С. Приют для переживших насилие «Arasha» — наследие Маргариты Ускембаевой. №9, с. 30;
- Резвушкина Т.А. Воспоминания о Маргарите Ускембаевой. №9, с. 39;
- Садыкова А.Ж. Человек с большим сердцем. №9, с. 38;
- Смирнова И.В. Человечность и профессионализм — наша Маргарита. №9, с. 22;
- Шорманбаева А.С. Памяти Маргариты Ускембаевой. №9, с. 21.

**Психологияның теориялық мәселелері – Теоретические вопросы
психологии**

- Абдуллаева П. Болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру. №3, 3-б.;
- Айдарбеков К.А. Психологическая поддержка старшеклассников в процессе их личностного самоопределения. №4, с. 16;
- Амангелді І. Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттары. №1, 5-б.;
- Аманғалиева Б. Балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектердің психологиялық қарым-қатынас сипаттамасы. №10, 4-б.;
- Аплошова А., Ж. Ордабаева. Балалар ұжымын біріктіру және күш көрсетудің алдын алуда отбасы рөлі. №4, 3-б.;
- Аунамасова А. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың ғылыми аспектілері. №11, 16-б.;
- Ашабаева А. Оқытудың инновациялық модельдерінің психологиялық ерекшеліктері. №7, 7-б.;
- Аязбаева М. Оқушылардың эмоционалдық интеллекттерін ақпараттық қоғамда дамыту мәселелері. №3, 9-б.;
- Әлқожаева Н., Әлқожаева Г. Жеткіншектердің отбасындағы тәрбиесі. №4, 13-б.;

Бейисова Р. Ф. Фребель әдістемесі арқылы балалардың сенсорлық қабілетін дамыту. №7, 3-б.;

Бураханова А. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының ерекшеліктері. №11, 3-б.;

Валиева А.Б. Коррекция эмоционального состояния детей младшего школьного возраста посредством развития музыкального восприятия. №10, с. 16;

Ермекалиева Ж. Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту. №1, 8-б.;

Жандарбек Қ. Мектепалды топ балаларының адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың психологиялық ерекшелігі. №11, 11-б.;

Изгалиева Н. Мектеп психологының инклюзивті оқыту бойынша «ерекше» оқушылармен жүргізетін түзету және дамыту жұмыстарының мазмұны. №11, 26-б.;

Маусумбаева Д.Е., Аксакалова Ж.К. Влияние семейной среды на развитие гибких навыков (Softskills) у школьников 5-6 классов. №4, с. 21;

Молдагалиева А. Эмоционалдық интеллект. №1, 12-б.;

Насырова М. Особенности психологической работы с клиентами в телесно-ориентированной психотерапии по расширению осознания. №2, с. 15;

Нурмагамбетова Д.Б. Агрессивное поведения у детей младшего школьного возраста. №8, с. 12;

Омарова К. Шығармашылық әлеуетті ашуда көңіл-күйді көтерудің ғылыми-теориялық негіздері. №11, 22-б.;

Раушанова А. Тәуекел тобындағы оқушылар арасындағы жәбірлеушілік әрекеттерін алдын алу және түзету жұмыстары. №2, 5-б.;

Садыкова Н., Ибраим Ф. Дарындылық психологиясы: мектеп жастан дарындылықты тани білу. №4, 7-б.;

Садырбаева Б. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудің мәні. №8, 3-б.;

Санбаева Б. Жоғары оқу орнындағы шетелдік студенттердің психологиялық бейімделуін қолдау тәжірибесі: ҚазҰУ мысалында. №6, 26-б.;

Сейфуллина А.О., Козино П.Д., Изакова А.Т., Северчукова Е.В., Н.С. Юртаева. Время команд: почему современному ребёнку важно учиться работать вместе уже в детском саду? №4, с. 24;

Сүлейменова Ә. Психикалық күйзеліс ұғымы туралы бірер сөз. №1, 15-б.;

Темиргалиева Д., Конырбаева С. Интернет пен әлеуметтік желілердің бастауыш сынып оқушылар психологиясына әсері. №2, 9-б.;

Успанова Ж. Заманауи оқушыға сурет салудың арт-терапиялық әсері. №11, 24-б.;

Халықова А. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулудың психологиялық негіздері. №11, 19-б.;

Чжу Жань Л.Ю., Булатбаева А.А. Стажировка в Конфуцианском институте: путь к росту. №4, с. 27;

Шотан А. Мектеп жасындағы жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. №8, 8-б.

Психологияның қолданбалы мәселелері – Практические вопросы психологии

Абилбакиева Г., Қазы А. Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту. №8, 16-б.;

Адишбекова А. Оқушылардың достық қарым-қатынастарын нығайтуға арналған психологиялық тренинг-сабақ. №3, 25-б.;

Азенова Н. Оқушыларға арналған психологиялық сабақ. №10, 45-б.;

Айтқожина Г. Определение самооценки личности подростка. №7, с. 17;

Айтлеуова З. Дарынды балалардың шығармашылық қабілетін анықтап дамыту. №8, 35-б.;

Алдабергенова К. Ата-аналармен өткізілетін коучинг сабақ. №8, 40-б.;

Алина Г. Бала тәрбиесі — баршаға ортақ мәселе. №3, 13-б.;

Андирова А. Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг. №3, 22-б.;

Аренова С.Т. Адаптация учащихся 5 класса к условиям обучения в среднем звене общеобразовательной школы. №10, с. 21;

Арыстанбаева М. Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг. №3, 20-б.;

Ахмедалиева Д. Ата-ана қарым-қатынасының бала тәрбиесіне әсері. №8, 30-б.; Бала тәрбиесіне ата-ана қарым-қатынасының әсері. №10, 32-б.;

Әбдірахман Ә. Балаларға қосымша білім беру саласындағы бала тұлғасын дамытуда әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. №2, 19-б.;

Әбенова Д. Психоактивті заттарды тұтынудың зияны туралы тренинг-сабақ. №3, 14-б.;

Әділгереева Г. Библиотерапияның психологиялық әсері. №8, 22-б.;

Әлімжан І. Оқушылардың мазасыздануын төмендетуге арналған психологиялық жаттығулар. №10, 13-б.;

Баймбетова М. Баланың мектепке даярлығын анықтауға арналған сауалнамалар. №8, 38-б.;

Бақтығалиева Б. Бастауыш сынып білім алушыларының танымдық қабілеттерін анықтау бағытында жүргізілетін әдістемелер. №2, 32-б.; Ортаңғы буын оқушыларына арналған тренинг сабақ. №3, 30-б.; Бастауыш сынып білім алушыларының танымдық қабілеттерін анықтау бағытында жүргізілетін әдістемелер. №4, 40-б.; Орта буын оқушыларына арналған психологиялық тренинг. №7, 40-б.;

Баянова Л. «100 есім» танымдық ойыны. №2, 35-б.;

Бермаханова Ш. Жас мамандарға арналған тренинг. №3, 37-б.;

Бигазиева Н. Оқушыларға өмірлік бағдар беруге арналған психологиялық тренинг. №3, 34-б.;

Бикинеева А. Психологические особенности подросткового возраста. №8, с. 24;

Бөпежанова Н. Оқушыларға арналған «Тәуелділік ағашы» жаттығуы. №4, 45-б.; Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы. №6, 41-б.; Пі-

кірталас арқылы конструктивті қарым-қатынас құруға арналған тренинг. №12, 38-б.;

Браташ С. Арт терапияның бір бағыты — маскотерапия тәжірибесі. №12, 12-б.;

Давлетова А.А. Методика на раскрытие творческого потенциала школьника. №10, с. 25;

Джуаспаева А.Е. Социально-психологические подходы к созданию безопасной среды в семье и образовательных учреждениях. №6, с. 32;

Дуйсенова Н. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. №1, 23-б.;

Ермеққалиева Ж. Оқушыларға арналған түзету-дамытушылық жұмыс. №2, 46-б.; Оқушыларға ашу-ызамен жұмыс туралы жүргізілетін жаттығу сабағы. №3, 28-б.;

Жақсыбекова А. Тәрбие мәселесі жөнінде бірер сөз. №4, 43-б.;

Жапаров Д. Баланың тұлға етіп тәрбиелеуде жеке қасиетін ашудың маңызы. №11, 33-б.;

Исабекова Г. Оқушыларды қиял ұғымымен таныстыру. №10, 29-б.;

Камажанова Э. Мен және менің эмоцияларым. №12, 15-б.;

Қдырниязова Т. Мектеп психологының қызметі жайлы. №10, 9-б.; Ұлттық бірыңғай тестілеуге психологиялық дайындық жолдары. №12, 30-б.;

Кулжабекова С. Балаңыздың өзіңізге деген сенімін қалай оятасыз? №7, 34-б.;

Қабдиқызы А. Қыздарға арналған психологиялық тренинг. №12, 28-б.;

Қадыржанова А. 5-сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг. №12, 25-б.;

Қаженбаева А. Психокоррекциялық жаттығуларды қолданудың маңызы жайында. №11, 29-б.;

Макашева М., Мусир М. Білімнің адам өміріндегі орны. №6, 37-б.;

Маханова А. О работе педагога-психолога с одаренными детьми. №1, с. 29;

Молдаханова С. Цифрлық дәуірдегі отбасы тәрбиесі мен құндылықтары. №10, 42-б.;

Мұқатаева Х. Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг. №12, 22-б.;

Мұратбекқызы А. 9-сынып оқушыларының мамандық таңдауына арналған психологиялық тренинг. №12, 20-б.;

Мұрзахметова М. Жеке тұлға дамуындағы отбасы тәрбиесінің рөлі. №7, 25-б.;

Мырзабаева Н. Оқушыларға арналған психологиялық тренинг. №3, 27-б.;

Найманова Ж. Ұстаздардың көңіл-күйін көтеруге арналған психологиялық тренинг. №12, 17-б.;

Нөкербекова Г. Зорлық-зомбылық пен буллингке ұшыраған баланы ата-ананың қолдауы. №2, 24-б.; Зорлық-зомбылық пен буллингке ұшыраған баланы ата-ананың қолдауы. №3, 17-б.;

Нуржакипова М. Анкета по выявлению группы риска в классе. №7, с. 14;

Нұрмаханова Ж. Педагогтарға арналған психологиялық тренинг. №7, 31-б.;

Оразова Т. Оқушылардың көңіл-күйін көтеруге арналған жаттығулар. №2, 41-б.; ҰБТ-ға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау. №6, 44-б.; Емтихан кезінде стрестен арылу және өз-өзіне сенімділікті арттыру жолдары. №8, 27-б.; 11-сынып оқушыларын тестілеуге психологиялық тұрғыда дайындау. №12, 34-б.;

От редакции. Книги Кабаковой Майры Победовны. №4, с. 31;

Пірімқұлова Г. Мазасыз балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс жайында. №2, 22-б.; Мазасыз балалардың ата-аналарымен жұмыс жасау. №12, 9-б.;

Разакова А. Жас мамандардың жаңа ұжымға бейімделуіне арналған психологиялық тренинг. №1, 21-б.;

Рамазанова Е. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыта оқыту жағдайында арттыру. №11, 36-б.;

Рахиметилдаева Б. Отбасы тәрбиесіндегі әке рөлі. №7, 21-б.;

Саңбаева Б. Оқушылар мен ата-аналарға арналған психологиялық тренинг. №1, 32-б.;

Сейдахметова А. Психологические причины агрессии ребенка. №1, с. 23;

Сержанова А. Оқушылардың сенімділіктерін арттыруға арналған психологиялық тренинг. №10, 37-б.;

Сисенова М. Эмоциональный интеллект как способ мотивации в учебе. №6, с. 28;

Слепцова С.А. Предупреждение конфликтного поведения старшеклассников. №11, с. 40;

Тоқтасынова М. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу жолдары. №2, 27-б.;

Шегір С. Қазіргі замандағы ата-аналар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас. №1, 18-б.;

Хамзина Ж. Күлкі терапиясы арқылы оқушылардың эмоциялық жағдайын жақсарту. №2, 43-б.; Оқушыларға арналған психологиялық тренинг. №7, 39-б.;

Чжу Жань, Лю Юань, Булатбаева А.А. Преодолевая границы: размышления о получении магистерской степени в области педагогики в Казахском национальном университете. №7, с. 10.

Эссе

Аубакирова Н. Психология мамандының ерекшеліктері жайлы бірер сөз. №8, 42-б.;

Изгалиева Н. Психолог — бала жүрегінен жол табушы кемеңгер. №12, 41-б.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АЙМАНБЕТОВА Н. – ҚазСТА оқытушысы, Алматы қаласы.

АСУБАЕВА Динара Галиевна – педагог-психолог КГУ «ПМПК Алатауского района города Алматы», г. Алматы.

БӨПЕЖАНОВА Нысанкүл Әмірханқызы – №214 орта мектебінің педагог-психологы. Ә. Тәжібаев ауылы, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

БРАТАШ Сауле Мухамедияровна – І. Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы. Таукент кенті, Созақ ауданы, Түркістан облысы.

КАНАФИНА Асель Талгатовна – педагог-психолог КГУ «Специальная школа №3» акимата г. Астана.

САРСЕНБАЕВА Айнұр Орынтайқызы – М. Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақмола колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Астана қаласы.

СМАГУЛОВА Ляззат Турганбековна – Н. Өмірзақов атындағы орта мектептің педагог-психологы. Қаратоған ауылы, Райымбек ауданы, Алматы облысы.

ТАЛПАКОВА Санагуль Аскарровна – №47 орта жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.